

КІРІСПЕ

Бүгінгі күннің әлемі үнемі өзгеріп отырады, бұл заманауи білім беру жүйесіне жаңа талаптар қояды. Қазіргі кезде бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру маңызды міндет болып табылады. Бәсекеге қабілеттілік — бұл адамның өз саласында жоғары нәтижелерге жетуге, қиындықтарды жеңуге және қоғамдағы орнын табуға деген қабілеті.

Осы тұрғыдан алғанда, білім беру жүйесінің негізгі мақсаты — жастарды тек қана теориялық біліммен қамтамасыз ету емес, олардың тұлғалық және әлеуметтік даму деңгейін арттыру, өзін-өзі жүзеге асыруына қолайлы жағдай жасау. Бұл докладта бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастырудың негізгі жолдары қарастырылады.

Бәсекеге қабілетті және құзыретті маман қалыптастыру қазіргі кезеңде елімізге өркениет әлемінің озық технологияларын меңгерген, жаңа заман талабына сай кәсіптік білімі бар, сапалы да білікті мамандар қажеттілігі туындап отыр. Білім беру жүйесіндегі білім беру мен тәрбие жұмыстарының талапқа сай жетілдірілуі студенттердің болашақ кәсіби құзыретті маман болып қалыптасуына зор ықпал етеді. Қазіргі таңда білікті маман даярлау білім жүйесінде бәсекеге қабілетті маман қалыптастыру үшін, алдымен, маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру керек деген әр түрлі пікірлер жиі айтылуда. Осыған орай, болашақ кәсіби құзыретті маман осы ақпараттық қоғамнан тыс қалмай, жедел ойлаушы, жедел шешім қабылдаушы, ерекше ұйымдастырушылық қабілетті, нақты бағыт-бағдар беруші болып шығуы — бұл қазіргі заманның басты талабы. Теориялық білім тәжірибемен ұштасқанда ғана маман кәсібіне төселіп, көш ілгері жұмыс атқаруға қабілеті артады. Осыған байланысты, тәжірибеге тарту жұмысына да елеулі көңіл бөлініп отырғанын байқаймыз. Бүгінгі таңда еңбек нарығында жоғары білікті мамандар тапшылығы орын алуда. Қалыптасқан жағдайдың негізгі себепшісі білім беру үрдісін ұйымдастыру, яғни, жас маманның бойынан табылуға тиісті тәжірибелік дағды, білім мен тәжірибені талап ететін нақты өндірістік жағдайлардан теориялық білім берудің алшақтап кетуі болып табылады. Қалыптасқан жағдайда теория мен практиканың арасында алшақтықты жою мәселесімен жұмыс берушіге күресуге тура келеді, себебі білікті мамандармен қамтамасыз ету — бұл жетістікке қол жеткізудің кепілі. Алдымызда ғылым мен білімге негізделген цифрлы әлем қол бұлғап шақырып тұр, сондықтан жастарымыздың жаңалыққа деген ынта-жігері және ұмтылысын арттырып, үдерісті одан әрі үдете түсу қажет.

Еліміздің саяси, экономикалық, мәдени, қоғамдық өміріндегі өзгерістерге сай жоғары оқу орындарының үлкен жауапкершілікті сезініп, білікті, өз ісінің шебері, бәсекеге қабілетті, кең ауқымды, жан-жақты дамыған маман дайындауға ұмтылуы, өзінің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының мазмұны мен сипаттарының өзгеруіне және еңбек сапасына талаптың жоғарылуына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби білігі мол мамандарды қажет етеді.

Қазіргі білім беру жүйесі өзгерістер мен жаңашылдықтарға толы. Әлемдік білім беру кеңістігінде бәсекеге қабілетті түлектерді даярлау мәселесі маңызды орын алады. Бәсекеге қабілетті түлекті қалыптастыру үшін тек қана теориялық білім беру жеткіліксіз, оқушылардың шығармашылық ойлауын дамыту, практикалық дағдыларын жетілдіру, әлеуметтік белсенділік пен жауапкершілік сезімін қалыптастыру қажет. Бұл міндетті шешу үшін педагогикалық қызметте оқытудың шығармашылық нысандары мен әдістерін қолдану маңызды рөл атқарады.

II НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Бірнеше онжылдықтар бұрын жоспарланған білім нәтижелері оқушының мектепті бітірген кездегі білімі, дағдылары мен біліктілігі негізінде анықталды. Ақпараттық технологиялардың дамуымен, кәсіптер нарығының талаптарының өзгеруімен білім берудің бұл тәсілі ескірді. Соңғы кездері педагогика ғылымында білім беру сапасын қалай жақсартуға болады деген сұрақ белсенді талқылануда. Қазіргі студент күнделікті істер барысында нақты мәселелерді әрдайым тани алмайды, олардың мәні неде екенін тұжырымдай алмайды, күрделі жағдайларды тапсырмаларға айналдырып, шешімдер іздей алмайды, алған білімдері негізінде әрекет ете алмайды, өз іс-әрекеттерінің нәтижелерін бағалай алмайды. Жоғарыда айтылғандардың барлығы білім беру процесін ұйымдастырудың маңыздылығын көрсетеді.

Қазіргі білім беру жүйесі қоғамның талаптарына сай бәсекеге қабілетті тұлғаларды даярлауды басты мақсат етіп қойып отыр. Бұл жұмыста педагогикалық қызметте оқытудың шығармашылық нысандары мен әдістерінің маңызы қарастырылады. Бәсекеге қабілетті түлекті қалыптастыру үшін білім беру процесінде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту, олардың сын тұрғысынан ойлауын, дербес шешім қабылдау дағдыларын жетілдіру қажет. Осыған орай, шығармашылық әдістер мен нысандар білім беру жүйесіне елеулі өзгерістер әкеледі.

Жұмыста жобалық оқыту, дебаттар, миға шабуыл, рөлдік ойындар, кейс-стади әдісі сияқты тәсілдердің студенттердің білімін тереңдетуге, сыни ойлауын дамытуға, топта жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға және шығармашылық қабілеттерін арттыруға ықпал ететіндігі қарастырылады. Бұл әдістер оқушыларды тек теориялық біліммен ғана емес, практикалық дағдылармен де қаруландырады, оларды өмірде қолдануға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері шығармашылық әдістердің бәсекеге қабілетті түлекті дайындаудағы маңыздылығын көрсетеді. Педагогикалық қызметте осы әдістерді тиімді қолдану оқушылардың жеке тұлғасын қалыптастыруға, олардың білім мен дағдыларын жан-жақты дамытуға мүмкіндік береді.

Егер болашақ педагогтың құзыреттілігінің қалыптасуын орта кәсіби білім беру жүйесінің аумағында қарастырсақ, онда білім, білік, дағды мүмкіншілігі, яғни, бір сөзбен педагогикалық қызметке маманның қаншалықты дайын екендігі туралы айтуға болады. Кәсіби құзіреттілік деп педагогтың жеке бас сапалары мен оның психологиялық-педагогикалық және теориялық білімінің, кәсіби біліктілігі мен дағдысының, тәжірибесінің бір арнада тоғысуы деуге болады. Болашақ маман өз ісінің шебері, жақсы маман болу үшін мамандығына қажетті қабілеттерді және жалпы әлемдік мәдениетті, өз елінің мәдениетін, қарым-қатынас мәдениетін, тіл мәдениетін игеріп, интеграциялық үрдістерді меңгеріп, әлемдік білім кеңістігінің өресінен шыға алуға талпынуы керек. Жақсы маман қоғам талабына сай өзін-өзі үздіксіз тәрбиелеп отыратын, ортамен, адамдармен, балалармен, қарым-қатынасқа тез түсе алатын, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, тәжірибесі мол, т.б. қасиеттерді жинақтағанда ғана оның бойынан кәсіби құзыреттілігі анық байқалып тұрады.

Студенттер өндірістік тәжірибені өту кезінде өз мамандығы бойынша оқу барысында алған іскерлігі мен дағдылары жылдам қалыптасады. Жалпы кәсіби құзыреттілік студенттің жалпы кәсіптік білімі, дағдысы, қабілеті мен мамандығының дайындығы арқылы анықталады. Арнайы кәсіби құзыреттілік бітірушінің белгілі бір мамандық бойынша кәсіби қызметті атқарудағы дайындығы мен оған ұмтылуы арқылы айқындалады. Олардың мазмұны мемлекеттік классификациялармен анықталады. Е.А.Климов мамандық бойынша байланысты былайша жіктейді: адам – адам; адам – белгілер жүйесі; адам – көркем бейне; адам – техника; адам – табиғат. Ал кәсіби

құзыреттілікті коммуникативтік, ақпараттық, регулятивтік және интеллектуалды-педагогикалық құзыреттілік ретінде қарастырады.

Педагогикалық ұжымының кәсіби іс-әрекетінің ерекше аймағын студенттердің өзіндік кәсіби ұйымдастыруын басқару процесі құрайды. Кәсіби құзыреттілік – педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыру үшін жеткілікті білімдер, іскерліктер, тәжірибе мен өнегелік ұстанымдарды бейнелейтін студенттің іскерлік және тұлғалық сапаларының біріктірілген сипаттамасы, – деген анықтама береміз. Біздің пікірімізше, «квалификация», «кәсібилік» және «құзыреттілік» ұғымдары тұлғаның кәсіби дамуындағы деңгейлік ұғымдар болып табылады.

Оқу – әр студенттің өзінің танымдық белсенді әрекеті. Оқушылардың жұмысты шығармашылықпен ойлауы, оны істей білуі мен танымдық белсенділігін арттыру – қазіргі кезде барлық мұғалімдер қауымының алдындағы мәселе.

Осыған орай оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың тиімді жолдарының бірі өзіндік жұмыспен өздігінен білім алу жұмысын ұйымдастырудың педагогикалық және әдістемелік тәсілдерін қазіргі заман талаптарына сәйкес жетілдіру болып отыр.

Студенттердің пәнге деген көзқарасы әртүрлі факторлармен: жеке басының және пәннің ерекшеліктерімен қатар оқыту әдісімен анықталады. Пәнге деген ынтасын арттыру мақсатында үйірме жұмысын жүйелі түрде жүргізіп отырған жөн. Сол сияқты түрлі шаралар, дөңгелек стол, ойын формасындағы жарыстар, кештер өткізу, сөз жұмбақтар, ребустер шешу, сын қилы есептер шығару, тест сұрақтарына жауап беру, оқушының ғылыми ізденісін білуге құштарлығын ғылыми танымдық қабілетін, іс-әрекетін арттырады.

Қазіргі әрбір ізденімпаз оқытушылардың міндеті студентінің белсенділігін, іскерлігін дамыту. Дарынды студенттер осындай шаралар барысында да ерекше тапқырлығымен, ғылыми ізденісімен көзге түсіп отырады. Өз бетінше ізденуді студенттің өзіндік жұмысын тауып ұйымдастыра алатын, керек кезінде жағдайлар туғызып, олардың басты міндетін өз бетінше шешуге құштарландыра алатын оқытушы білім беру барысында ең жақсы нәтижеге жететіндігін көруге болады деп ойлаймын.

Іздену арқылы басты мәселелерді жете білу, зерттеу, жинақтау, оны насихаттау, іске асыру, оқу және тәрбие жұмысын одан әрі жақсарту берудің сарқылмас көзі.

Қазіргі білім беру жүйесінде бәсекеге қабілетті түлекті дамыту үшін оқытудың шығармашылық нысандары мен әдістері маңызды рөл атқарады.

Соның ішінде **«Тәжірибелік дағды»** әдісіне тоқталсақ. Студенттер теориялық білімдермен қатар, практикалық дағдыларын да қалыптастырады. өз тәжірибемнен байқағаным, мен өзім құрылыс пәндері бойынша арнайы пәндер оқытушысы болғандықтан, студенттерімді өндірістік экскурсиялармен қызықтырып тұрғанды, бұрын өзімнің шәкіртім болып, қазіргі күнде маман иесі болып, өндірісте қызмет істеп жүрген студенттеріммен кездесулер жасап, олардың тәжірибесімен бөлістіріп, ақыл-кеңестерін тыңдатқызғанды да жөн санаймын. Өндірістік тәжірибелер кезінде студенттер теориялық білімдерін толықтырып, өзі тандаған мамандық аясында «кім боламын?», «маған не қажет?» деген сұрағына нақты жауап алып, мақсаттарына бағытталған мотивация мен табандылыққа ие болады. Өз мақсатына жету үшін күш-жігер мен тұрақтылыққа ұмтылады.

Сонымен қатар, нақты мысал ретінде өз мамандығымның тұрғысынан қарасам, жалпы оқу барысы кезінде студенттер бірнеше курстық жобалар жасайды. Дәл осы кезеңде **«Жобалық оқыту әдісін»** қолдануды дұрыс деп ойлаймын. Жобалық оқыту — студенттердің өздігінен есептеулер жүргізуге, жобалау мен құрау кезінде мәселелерді шешуге және шығармашылық шешімдер қабылдауға негізделген әдіс. Бұл әдіс студенттерді тәуелсіз ойлауға, дербес шешімдер қабылдауға және практикалық дағдыларды дамытуға

ынталандырады. Жобалау әдісі – студент пен оқытушының бірігіп, белгілі бір мәселені шешуге және қорытынды жасауға негізделген оқу немесе басқа да әрекеттерін айтуға болады.

Яғни, жобалау технологиясын қолданудағы негізгі мақсат – студенттердің қызығушылық ынтасын дамыту, өз бетімен жұмыстарын жүргізу арқылы білімдерін жетілдіру, ақпараттық бағдарлау біліктілігін қалыптастыру және сыни тұрғыдан ойлау қабілетін арттыру арқылы студентті болашақта әр түрлі жағдайларға, әр түрлі қоғамдық ортада өзін-өзі көрсете білуге бейімдеу.

Жоғарыда айтқанымдар, арнайы пәндерді оқыту әдістемесінде жобалау қызметі ерекше орын алады, себебі ол зерттеу, есептеу дағдыларының, шығармашылық қабілеттерінің және логикалық ойлауының дамуына ықпал етеді. Дәрістік дайындық сабақтарында, сонымен қатар аудиториядан тыс жұмыстарда; курстық жобаны жазу мен жобалау кезінде, мен «жобалық оқыту технологиясының» мүмкіндіктерін қолданамын, себебі бұл әр студенттің жеке ерекшеліктерін толық есепке алуға мүмкіндік береді, ал жоба әдісін қолдана отырып студент өз ойын жүзеге асыра алады.

«Жобалық әдіспен» айналысу студенттердің танымдық қызығушылығын белсендіреді, ой-өрісін кеңейтеді, өз бетімен жұмыс жасау дағдысын дамытады: мәселені анықтау мен тұжырымдау, қажетті ақпаратты табу мен таңдау, оны берілген тапсырмаларды шешу үшін қолдану.

«Кейс-стади әдісі» де осы техникалық мамандарды даярлауда қолдануға болатын таптырмайтын әдістердің бірі деп ойлаймын. Әрбір болашақ мамандықтың игерілу тиімділігін арттыру мақсатында қолданылатын әдіс деп айтса да болады.

Кейс-стади әдісі нақты өмірдегі жағдайларды немесе проблемаларды шешуге бағытталған. Студенттерге түрлі өмірлік жағдайлар ұсынылып, оларды шешу жолдарын іздеуге бағытталады. Бұл әдіс сыни ойлау қабілеттерін дамытады және студенттерді өмірде кездесетін қиындықтарға дайындайды.

Нақты жағдайларда нақты дұрыс немесе дұрыс емес жауаптар болмайды, яғни оқу материалы студенттерді талдауға, пікір-талас жүргізуге, ойларын ашық айтуға, өз көз қарастарын негіздеуге ғана қызмет етеді. Нақты міндеттерімен бетпе-бет келген кезде маман біріншіден мыналарды: мұнда шешетін проблема барма, өз позициясын анықтау, түсіндіру, нені шешу керек екендігін және қандай қажеттілік бар екендігін анықтап алуы қажет. Яғни осы әдіс, аудиторияда бар мүмкіндіктерді пайдаланып нақты проблемалық жағдайларды шешу және талқылау жолы арқылы қарама-қарсы шешімдерді қабылдау мүмкіндіктерін құру. Кейс әдісін тиімді қолдану студенттердің шығармашылық іс-әрекеттерінің белсенділігін арттырады, Кейс – әдісі арқылы ізденушіні білім алуға, оқуға қызықтыра отырып болашақ маман ретінде тұлғаның дамуын қалыптастыруға болады.

Бәсекеге қабілетті жеке тұлға қалыптастыру — бұл тек білім алу ғана емес, сондай-ақ адамның тұлғалық даму процесін қамтитын ұзақ мерзімді және көп қырлы жұмыс. Әр адам өзінің алдына қойған мақсатын толық іске асыру үшін жан-жақты білім алуы, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытып, әлеуметтік дағдыларды меңгеруі қажет.

Студенттерге осы бағытта қолдау көрсету, өзін-өзі дамытуға арналған мүмкіндіктер беру білім беру жүйесінің негізгі міндеті болып табылады. Осылайша, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру тек қоғамның дамуына ғана емес, сонымен қатар жеке адамның кәсіби және әлеуметтік жетістіктеріне де үлкен ықпал етеді.

Қолданылған әдебиет

1. Ә. Мұханбетжанова Педагогиканы оқыту әдістемесі. Оқулық. – Алматы: ЖШС РПИК «Дәуір», 2011ж. – 368 бет
2. <https://tilalemi.kz/kz/>
3. Флиберг Б. О недоразумениях, связанных с кейс-стади // Социс, 2005. – №4. 115 с.
4. Сергеев И.С. Как организовать проектную деятельность учащихся: Практическое пособие для работников общеобразовательных учреждений. — 2-е изд., испр. и доп.— М.: АРКТИ, 2005. - 80 с